c)	Ж/Д Накладная / Товарно-транспортная накладная / Список грузов / Авианакладная (при наличии);	Т/Ж жүккұжаты / Тауар-көлік жүккұжаты / Жүктердің тізімі / Әуе жүккұжаты (болған жағдайда);	Bills of Lading / CMR / Rail Manifest / Airway Bill (as applicable);
d)	План погрузки (при наличии);	Тиеу жоспары (болған жағдайда);	Loading plan (if applicable);
e)	План разгрузки и требования к хранению (при наличии);	Түсіру жоспары және сақтау жағдайларына қойылатын талаптар (болған жағдайда);	Unloading plan and storage requirements (if applicable);
f)	Сертификат производителя или иной другой аналогичный документ с указанием срока хранения и/или срока годности и даты производства Товара (при наличии);	Тауардың сақтау мерзімі және/немесе жарамдылық мерзімі мен өндірілген күні көрсетілген өндірушінің сертификаты немесе өзге де осыған ұқсас құжат (болған жағдайда);	Manufacturer's certificate or any other equivalent document which indicates the recommended maximum shelf life and/or useful life and date of Goods manufacturing (if applicable);
g)	Заводской сертификат приемочного испытания и/или отчеты Инспекции Третьей Стороной (при наличии);	Қабылдау сынағының зауыттық сертификаты және / немесе бар болса, үшінші Тараптың инспекциялық есептері (болған жағдайда);	Factory acceptance test certificate and/or Third Party Inspection reports (as applicable);
h)	Любые другие документы, необходимые для сертификации и ввоза в Республику Казахстан и любых других установленных законом целей; и	Сертификаттау және Қазақстан Республикасына әкелу және заңда белгіленген кез келген басқа мақсаттар үшін қажетті кез келген басқа құжаттар; және	Any other documents required for the purpose of certification in, and importation into, Kazakhstan and any other statutory purposes; and
i)	Документы выше должны содержать следующую информацию (при наличии):	Жоғарыда аталған құжаттар келесі ақпаратты қамтуы тиіс (болған жағдайда):	Items above shall include the following information (as applicable):
i	Номер и дата Договора Поставки;	Жеткізу шартының нөмірі және жасалған күні;	Purchase Order number and date;
ii	Дата отгрузки / готовности к отгрузке; и	Жөнелту / жөнелтуге дайындық күні; және	Shipping / Readiness date; and
iii	Условия Поставки;	Жеткізу талаптары;	Delivery Terms;
10.7	Упаковка:	Қаптамасы:	Packaging:
a)	Все Товары должны быть упакованы, промаркированы, задокументированы и транспортированы так, как указано в Условиях Поставки, настоящей Статье 10 и Инструкциях Покупателя по упаковке, маркировке и	Барлық Тауарлар Жеткізу талаптарында, осы 10-бапта және 7-қосымша-нұсқаулықта (**«PM&S нұсқаулықтары»**) көрсетілген орау, таңбалау және жөнелту жөніндегі Сатып алушының Нұсқаулықтарында	All Goods must be packed, marked, documented and transported as specified in the Delivery Terms, this Article 10 and the Buyer's Packing, Marking, and Shipping Instructions set out in Exhibit 7 (together the **«PM&S Instructions»**), and

	отгрузке, изложенных в Приложении-инструкции 7 (**«Инструкции PM&S»**), и в соответствии с правилами транспортировки, упаковки и маркировки, а также наилучшими методами, принятыми в промышленности, которые применимы к Поставке, в том числе во время перевозки, и, если применимо, требованиями, предъявляемыми к транспортировке Опасных материалов. Транспортируемые грузы должны быть, насколько это возможно, уложены в поддоны и/или упакованы в контейнеры;	және тасымалдау, буып-түю және таңбалау ережелеріне, сондай-ақ өнеркәсіпте қабылданған, Жеткізуге, оның ішінде тасымалдау кезінде қолданылатын ең жақсы әдістерге және егер қолданылса, Қауіпті материалдарды тасымалдауға қойылатын талаптарға сәйкес буып-түйілуі, таңбалануы, құжатталуы және тасымалдануы тиіс. Тасымалданатын жүктер мүмкіндігінше табандықтарға салынуы және/немесе контейнерлерге салынуы тиіс;	in accordance with transportation, packing and marking/labelling regulations, industry best practice applicable to the Supply, including during transit, and requirements pertaining to transportation of Hazardous Materials, where applicable. To the maximum extent possible, shipments shall be palletised and/or containerised;
b)	Поставщик обязан обеспечить адекватную защиту Товаров от повреждения и разрушения во время транспортировки и кратковременного хранения, должным образом учитывая условия и обстановку на Рабочей Площадке или в другом Пункте Поставки и на территориях, через которые будут транспортироваться Товары, при этом условия и обстановка включают климат, дороги и необходимость многократной перегрузки (механизированной или иной).	Жеткізуші Жұмыс алаңындағы немесе Жеткізудің басқа орнындағы және Тауарлар тасымалданатын аумақтардағы талаптар мен жағдайды тиісті түрде ескере отырып, тасымалдау және қысқа мерзімді сақтау кезінде тауарларды бүлінуден және бұзылудан сақтауды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте талаптар мен жағдайға сақталатын жердің климаты, жолдар және бірнеше мәрте қайта тиеу (механикаландырылған немесе өзге) қажеттілігі кіреді.	The Supplier shall ensure that the Goods are adequately protected from damage and deterioration during shipment and short term storage having due regard for the conditions and environment at the Site or another Delivery Point and areas through which the Goods will be transported, to include climate, roads, and multiple handling requirement (mechanical or otherwise).
c)	При упаковке, маркировке и транспортировке товаров, Поставщик должен соблюдать применимые внутригосударственные Законы касательно транспортировки Товаров и обеспечения безопасности, охраны здоровья и защиты окружающей среды.	Тауарларды буып-түю, таңбалау және тасымалдау кезінде Жеткізуші Тауарларды тасымалдауға және қауіпсіздікті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты қолданылатын ішкі мемлекеттік Заңдарды сақтауы тиіс.	In packaging, marking and transporting the Goods, the Supplier shall abide by applicable international and national Laws regarding the transportation of Goods and ensuring of safety, health and protection of the environment.
d)	Все расходы, включая обратный фрахт за товары, возвращаемые Поставщику (например, опорные подставки, валики или транспортировочные скобы), включены в Сумму, и Поставщик несет ответственность за организацию возможного возврата таких товаров.	Жеткізушіге қайтарылатын Тауарлар үшін кері жалдау ақысын қоса алғанда, барлық шығындар (мысалы, тірек тұғырықтары, аунақшалар немесе тасымалдау қапсырмалары) Сомаға қосылады және Жеткізуші осындай тауарлардың ықтимал қайтарылуын ұйымдастыру үшін жауап береді.	All costs, including return freight for items returned to the Supplier (such as saddles, bolsters or shipping braces) are included in the Price and it is the responsibility of the Supplier to arrange for the possible return of such items.
e)	Поставщик несет ответственность за все повреждения, утерю или уничтожение любых Товаров, а также за любую утерю, повреждение или уничтожение любых других товаров или имущества, возникших в результате ненадлежащей упаковки или обращения с ними со стороны Поставщика. Вся упаковка должна быть специально предназначена для перевозки по дорогам с неровным покрытием и рассчитана на соответствующую механическую погрузку.	Жеткізуші кез келген тауарлардың барлық зақымданғаны, жоғалғаны немесе жойылғаны үшін, сондай-ақ Жеткізуші тарапынан дұрыс буып-түйілмеу немесе олармен жұмыс істеу нәтижесінде туындаған кез келген басқа тауарлардың немесе мүліктің кез келген жоғалғаны, бүлінгені немесе жойылғаны үшін жауап береді. Барлық қаптама тегіс емес жабыны бар жолдармен тасымалдауға арналған және тиісті механикалық салмақтың түсуіне арналған болуы керек.	The Supplier will be liable for all damage, loss or destruction to any Goods or, damage or destruction to other property resulting from improper packaging or handling by the Supplier. All packing must be adequately designed for rough road transport including allowance for appropriate mechanical handling.
f)	Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы по пошлинам, складированию, демереджу, штрафам и/или неустойкам, возникающим в результате несоблюдения Поставщиком надлежащих процедур упаковки, маркировки и транспортировки, а также Инструкций PM&S, даже если такое несоблюдение не приведет к задержке доставки Товара. Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы, возникшие в результате ошибок в весах или измерениях, а также за потери и ущерб, вызванные неисправной или недостаточной упаковкой, включая, без	Жеткізуші Сатып алушыға Жеткізушінің буып-түю, таңбалау және тасымалдаудың тиісті рәсімдерін, сондай-ақ PM&S нұсқаулықтарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын баждар, жинау, демерредж, айыппұлдар және/немесе тұрақсыздық айыбы бойынша кез келген қосымша шығыстарды, тіпті егер мұндай сақтамау Тауарды жеткізуді кешіктірмеуге әкеп соқпаса да өтеуі тиіс. Жеткізуші Сатып алушыға таразылардағы немесе өлшеулердегі қателер нәтижесінде туындаған, сондай-ақ жарамсыз немесе жеткіліксіз қаптамадан туындаған шығындар мен залал үшін, айыппұлдар мен баждар	The Supplier shall reimburse the Buyer for any additional costs for duties, warehousing, demurrage, penalties and/or fines arising as a consequence of the Supplier's failure to follow proper packaging, marking and transporting procedures and PM&S Instructions, even if such failure does not result in the late delivery of the Goods. The Supplier shall also reimburse the Buyer for any additional costs as a result of errors in weights or measurements and for the losses and damage due to faulty or insufficient packaging, including but not limited to penalties and/or additional customs charges.

	ограничений, штрафы и дополнительные расходы по пошлинам.	бойынша қосымша шығыстарды қоса алғанда, кез келген қосымша шығыстарды өтеуі тиіс.	
g)	За исключением поставок на условиях DDP, CIP, DAP и DPU, Поставщик несет ответственность за любое отклонение расходов по перевозке от установленной суммы, возникающее в связи с тем, что он не следовал какой-либо инструкции о транспортировке, указанной в Договоре Поставки, или не информировал Покупателя о сроках прибытия груза; и	DDP, CIP, DAP және DPU талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Жеткізуші Жеткізу шартында көрсетілген тасымалдау туралы қандай да бір нұсқаулықты сақтамауына немесе Сатып алушыға жүктің келу мерзімдері туралы хабарламауына байланысты тасымалдау бойынша шығыстардың белгіленген сомадан кез келген ауытқуына жауап береді; және	Except for the DDP, CIP, DAP and DPU deliveries, the Supplier will be liable for any difference in freight costs arising from its failure to follow any transportation instructions in the Purchase Order or non-advice to the Buyer of the time of arrival; and
h)	За исключением поставок на условиях DDP, Покупатель и Поставщик должны помогать друг другу в получении документов и другой информации, необходимой для предъявления Претензий к грузоперевозчикам.	DDP талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Сатып алушы мен Жеткізуші бір-біріне Жүк тасымалдаушыларға талап қою үшін қажетті құжаттар мен басқа да ақпаратты алуға көмектесуі керек.	Except for DDP deliveries, the Buyer and Supplier must assist each other in obtaining documents and other information essential for raising Claims against carriers.
i)	Поставщик несет единоличную ответственность за передачу инструкций по Упаковке, Маркировке и Отгрузке любому привлеченному им Субпоставщику.	Жеткізуші өзі жұмылдырған кез келген Қосалқы мердігерге Қаптау, Таңбалау және Жөнелту жөніндегі нұсқаулықты беру үшін жеке-дара жауап береді.	The Supplier shall be solely responsible for transmitting the PM&S Instructions to any Sub-Supplier engaged by the Supplier.
10.8	Опасные материалы	Қауіпті материалдар	Hazardous Materials
a)	Все Опасные материалы должны иметь четкую маркировку и содержать информацию в соответствии с настоящей Статьей. Необходимо чтобы все поставляемые химические вещества / Опасные товары были упакованы в соответствии с правилами Международного морского Кодекса по опасным грузам/ Международной ассоциации воздушного транспорта.	Барлық қауіпті материалдар нақты таңбалануы және осы Бапқа сәйкес ақпаратты қамтуы тиіс. Барлық жеткізілетін химиялық заттар/ Қауіпті тауарлар Қауіпті жүктер жөніндегі халықаралық теңіз кодексінің / Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының ережелеріне сәйкес орап-қапталуы қажет.	All Hazardous Materials shall be clearly labelled and contain information in accordance with this Article. It is required that all chemicals / Hazardous material as supplied be packaged in accordance with International Maritime Dangerous Goods Code/International Air Transport Association regulations.
b)	В соответствии с настоящим Договором Поставки, **«Опасные материалы»** означает любое вещество, которое, согласно Законам, считается опасным или токсичным, либо подлежит или может подлежать обезвреживанию/ восстановлению, включая:	Осы Жеткізу шартына сәйкес **«Қауіпті материалдар»** Заңдарға сәйкес қауіпті немесе уытты болып саналатын немесе залалсыздандыруға/ қалпына келтіруге жататын немесе жатуы мүмкін кез келген затты білдіреді, соның ішінде:	As used in this Purchase Order, **«Hazardous Materials»** means any substance, or goods containing such substance, that, under Laws, is considered hazardous or toxic or is or may be required to be remediated, including:
i	любую нефть или нефтепродукты, радиоактивные вещества, асбест в любой сыпучей или могущей стать сыпучей форме, мочевино-формальдегидную пенопластовую изоляцию, трансформаторы или другое оборудование, содержащее диэлектрическую жидкость, имеющую в своем составе полихлордифенилы, процессы, а также определенные системы охлаждения, использующие хлорфторуглероды;	кез келген мұнай немесе мұнай өнімдері, радиоактивті материалдар, кез келген сусымалы немесе сусымалы түрге айналуы мүмкін асбест, зәртасформальдегидті пенопласт оқшауламасы, трансформаторлар немесе өзінің құрамында полихлордифенилдер бар диэлектрлік сұйықтығы бар басқа да жабдықтар, сондай-ақ хлорфторкөміртектерді пайдаланатын белгілі бір салқындату жүйелері;	any petroleum or petroleum products, radioactive materials, asbestos in any form that is or could become friable, urea formaldehyde foam insulation, transformers or other equipment with dielectric fluid containing polychlorinated biphenyls and processes and certain cooling systems that use chlorofluorocarbons;
ii	любые химикаты, материалы или вещества, которые на дату заключения настоящего Договора Поставки и/или в будущем определяются или включаются в определение как «опасные вещества», «опасные отходы», «опасные материалы», «чрезвычайно опасные отходы», «опасные отходы ограниченного использования», «токсические вещества», «токсические загрязнители», «опасные грузы» или любые другие слова аналогичного содержания в соответствии с Законами, или	осы Жеткізу шартын жасау күнінде және/немесе болашақта «қауіпті заттар», «қауіпті қалдықтар», «қауіпті материалдар», «өте қауіпті қалдықтар», «шектеулі пайдаланылатын қауіпті қалдықтар», «уытты заттар», «уытты ластағыштар», «қауіпті жүктер» ретінде айқындалатын немесе анықтамаға енгізілетін кез келген химикаттар, материалдар немесе заттар немесе Заңдарға сәйкес ұқсас мазмұндағы кез келген басқа да сөздер, немесе	any chemicals, materials or substances which are now or hereafter become defined as or included in the definition of «hazardous substances», «hazardous wastes», «hazardous materials», «extremely hazardous wastes», «restricted hazardous wastes», «toxic substances», «toxic pollutants», «dangerous goods» or any words of similar import pursuant to Laws; or
iii	любые другие химикаты, материалы, вещества или отходы, подверженность воздействию которых на	кез келген басқа химикаттар, материалдар, заттар немесе қалдықтар, олардың әсер етуіне ағымдағы	any other chemical, material, substance or waste, exposure to which is now or hereafter prohibited, limited or

	текущий момент или после заключения настоящего Договора Поставки запрещается, ограничивается или регулируется любыми государственными регламентами, или которые могут быть предметом Ответственности, связанной с ущербом, издержками или ликвидацией последствий.	сәтте немесе осы Жеткізу шарты жасалғаннан кейін сатып алуға тыйым салынады, шектеледі немесе кез келген мемлекеттік регламенттермен реттеледі немесе залалмен, шығындармен немесе салдарларды жоюмен байланысты жауапкершілік нысанасы болуы мүмкін.	governed by any governmental regulation, or which may be the subject of Liability for damages, costs or remediation.
c)	После получения настоящего Договора Поставки, Поставщик обязан предоставить Уведомление Покупателю в случае, если какие-либо из Товаров подпадают под действие Законов, регулирующих Опасные материалы (включая их утилизацию), или любых других положений в области защиты окружающей среды, техники безопасности, охраны труда и здоровья.	Осы Жеткізу шартын алғаннан кейін, егер Тауарлардың кез келгені Қауіпті материалдарды (оларды кәдеге жаратуды қоса алғанда) реттейтін заңдардың немесе қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және денсаулық сақтау саласындағы кез келген басқа ережелердің ықпалына ұшырайтын болса, Жеткізуші Сатып алушыға хабарлама беруге міндетті.	The Supplier shall provide a Notice to the Buyer upon receipt of this Purchase Order if any of the Goods are subject to Laws relating to Hazardous Materials (including their disposal), or to any other environmental or safety and health regulations.
d)	Относительно Опасных материалов Поставщик обязан предоставить все соответствующие паспорта безопасности химической продукции/вещества (MSDS), включая сертификаты отгрузки, инструкции по отгрузке, безопасности, обращению с Опасным материалом, воздействию и утилизации, в форме, достаточно ясной для неспециализированного персонала Покупателя и достаточно детальной для определения всех мер, которые пользователи и экспедиторские компании должны предпринять в отношении Опасных материалов.	Қауіпті материалдарға қатысты Жеткізуші химиялық өнімнің/заттың (MSDS) барлық тиісті қауіпсіздік паспорттарын, соның ішінде жөнелту сертификаттарын, Сатып алушының мамандандырылмаған қызметкерлеріне және пайдаланушылар мен экспедиторлық компанияларға арналған Қауіпті материалдарға қатысты қабылдауы тиіс барлық шараларды анықтау үшін жеткілікті толық үлгіде берілген қауіпті материалды жөнелту, қауіпсіздігі, өңдеу, әсер ету және кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулықтарды беруі тиіс.	With respect to Hazardous Materials, the Supplier shall furnish all appropriate Materials Safety Data Sheets (MSDS) including shipping certification and instructions for shipping, safety, handling, exposure, and disposal in a form sufficiently clear for use by the Buyer's non-technical personnel and sufficiently specific to identify all action, which the users and carriers and Freight Forwarders must take concerning Hazardous Materials.
e)	В Товарно-транспортной накладной и упаковочном листе должно быть сделано следующее подтверждение: *«Настоящим подтверждается, что вышеназванные изделия надлежащим образом классифицированы, описаны, упакованы, промаркированы, снабжены ярлыками и находятся в надлежащем состоянии для перевозки в соответствии с любыми применимыми правилами перевозки»*.	Тауар-көлік жүккұжатында және буып-түю парағында мынадай растау жасалуы тиіс: *«Осы арқылы жоғарыда аталған бұйымдардың тиісті түрде жіктелгені, сипатталғаны, буып-түйілгені, таңбаланғаны, жапсырмалармен жабдықталғаны және кез келген қолданылатын тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдау үшін тиісті жағдайда екендігі расталады»*.	The following certification must be made in the consignment note and the packing list: *«This is to certify that the above-named materials are properly classified, described, packaged, marked and labelled and are in proper condition for transportation according to any applicable transportation regulations»*.
10.9	Поставки Частями: Поставщик не должен поставлять товары частями, если это не согласовано с Покупателем. Если согласовано, что Товары будут поставлены частями, то термин Товары в настоящем Договоре Поставки, когда это применимо, применяется к *«Поставкам Частями»*.	Бөліп жеткізу: Егер Сатып алушымен келісілмеген болса, Жеткізуші тауарларды бөліп жеткізбеуі керек. Егер Тауарлар бөліп жеткізілетіні туралы келісілсе, онда осы Жеткізу шартындағы Тауарлар термині, ол қолданылатын жерде «*Бөліп жеткізуге*» қолданылады.	Partial Deliveries: The Supplier must not deliver the Goods by instalments unless agreed with the Buyer. If it is agreed that the Goods are to be delivered in installments, then the term 'Goods' in this Purchase Order, when applicable, shall apply to *«Partial Deliveries»*.
10.10	Поставщик обязуется выполнить все требования Покупателя по технике безопасности касательно действий Поставщика в Пункте Поставки.	Жеткізу Сатып алушының Жеткізуінің жеткізу пунктіндегі әрекеттеріне қатысты қауіпсіздік техникасы бойынша барлық талаптарын орындауға міндеттенеді.	The Seller undertakes to comply with all safety requirements of the Buyer related to the actions of the Supplier at the Delivery Point.
10.11	Предоставление чертежей, данных, информации и руководств по эксплуатации (если применимо):	Сызбаларды, деректерді, ақпаратты және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды ұсыну (егер бар болса):	Provision of drawings, data, information, and operating manuals (if applicable):
a)	Поставщик должен предоставить Покупателю все инженерные и другие данные (включая все технические данные), требуемые Договором Поставки для надлежащей(го) эксплуатации/использования, технического обслуживания, монтажа Товаров, в течение срока, указанного в Деталях Заказа, а также должен незамедлительно предоставить Покупателю копию каждого обновления любых ранее предоставленных	Жеткізуші Сатып алушыға Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде Тауарларды дұрыс пайдалану/қолдану, техникалық қызмет көрсету, монтаждау үшін Жеткізу шартында талап етілетін барлық инженерлік және басқа деректерді (барлық техникалық деректерді қоса алғанда) ұсынуы тиіс, сондай-ақ Сатып алушыға Жеткізуші өз клиенттерінің кез келгеніне ұсынатын бұрын берілген кез келген деректердің әрбір	The Supplier must furnish to the Buyer all engineering and other data (including all technical data) required by the Purchase Order for the satisfactory use, maintenance, installation or operation of the Goods and within the time stated in the Order Details and must promptly furnish to the Buyer a copy of each update of any data previously furnished which the Supplier furnishes to any of its customers.

	данных, которые Поставщик предоставляет любому из своих клиентов.	жаңартылған көшірмесін дереу ұсынуы тиіс.	
b)	Подробные чертежи и другие документы, указанные в Требованиях к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), предоставляются в соответствии с Приложением-инструкцией 1. Если в Деталях Заказа или Приложениях не указано иное, Согласованная(ые) дата(ы) Доставки VDDR должны совпадать с Согласованными датами Доставки Товаров.	Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарда көрсетілген егжей-тегжейлі сызбалар мен басқа да құжаттар 1-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес ұсынылады. Егер Тапсырыс деректерінде немесе Қосымшаларда басқасы көрсетілмесе, VDDR Жеткізудің келісілген күні (күндері) Тауарларды Жеткізудің келісілген күндеріне сәйкес келуі тиіс.	Detail drawings and other documents identified in the Vendor Drawings and Data Requirements (VDDR) shall be submitted in accordance with Exhibit 1. Unless stated otherwise in the Order Details or the Attachments, the Agreed Date(s) for Delivery of the VDDR shall be the same as the Agreed Date(s) for Delivery of the Goods.
c)	Рассмотрение чертежей и других документов и их последующее утверждение Покупателем или Представителем Покупателя не освобождает Поставщика от ответственности за точность габаритных размеров, производительность, дизайн, детали дизайна, соответствие спецификациям и всем другим требованиям Договора Поставки. При любой неточности в данных производителя, которая приведет к тому, что Покупателю понадобится выполнить какие-либо дополнительные работы, стоимость таких работ будет взыскана с Поставщика.	Сатып алушының немесе Сатып алушы өкілінің сызбалар мен басқа құжаттарды қарауы және оларды кейіннен бекітуі Жеткізушіні жалпы өлшемдердің дәлдігі, өнімділігі, дизайны, дизайн бөлшектері, техникалық сипаттамаларға және Жеткізу шартының барлық басқа талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершіліктен босатпайды. Өндірушінің деректерінде кез-келген дәлсіздік болған жағдайда Сатып алушыға қосымша жұмыстарды орындау қажет болады, мұндай жұмыстардың құны Жеткізушіден өтеліп алынады.	Review of drawings and other documents and their subsequent approval by the Buyer or the Buyer's Representative does not relieve the Supplier of the responsibility for accuracy of dimension, performance, design, design details, conformance to the specifications and all other requirements of the Purchase Order. Any inaccuracy in the vendor data that causes the Buyer extra work will be charged to the Supplier.

11 ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ И РИСК СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ ИЛИ СЛУЧАЙНОГО ПОВРЕЖДЕНИЯ ТОВАРОВ / МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТАУАРДЫ КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫП АЛУ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАП АЛУ ТӘУЕКЕЛІ / TITLE AND RISK OF INCIDENTAL LOSS OF OR INCIDENTAL DAMAGE TO THE GOODS

11.1	Передача права собственности от Поставщика Покупателю на все Товары наступает на наиболее раннюю из следующих дат:	Барлық тауарларға меншік құқығын Жеткізушіден Сатып алушыға беру келесі күндердің алғашқы күнінен басталады:	Passage of title from the Supplier to the Buyer on the Goods will be the earlier of:
a)	Передача владения; или	Иелену құқығын беру; немесе	Transfer of custody; or
b)	оплата Суммы (за вычетом удержания, разрешенного в соответствии со Статьями 6, 8 и 13.2), при том что Передача владения означает только физическое владение Товарами.	Соманы төлеу (6, 8 және 13.2-баптарға сәйкес рұқсат етілген ұстап қалуды шегергенде), бұл ретте Иелену құқығын беру Тауарларды тек жеке иеленуді білдіреді.	payment of the Price (less any retention permitted pursuant to Articles 6, 8 and 13.2), whereby Transfer of Custody denotes only a physical custody of the Goods.
11.2	Настоящая Статья так же применима к Поставкам Частями и /или к частичной оплате Суммы за часть Товаров.	Осы Бап сонымен бірге Бөліп жеткізуге және/ немесе Тауардың бір бөлігі үшін Соманы ішінара төлеуге де қолданылады.	This Article also applies to Partial Deliveries and/or to partial payment of Price for a part of the Goods.
11.3	Поставщик обязан незамедлительно возместить за свой счет любые убытки или ущерб, каким бы образом они ни были причинены Товарам, до того, как риск случайной гибели или случайного повреждения перейдет к Покупателю в соответствии с Условиями Поставки. Риск случайной гибели или случайного повреждения по каждой позиции Поставки переходит к Покупателю в дату Передачи Владения. До момента перехода риска случайной гибели или риска случайного повреждения Товаров от Поставщика к Покупателю, Поставщик обязан за свой счет застраховать Товары на стоимость их полного восстановления и по требованию Покупателя предоставить ему соответствующий действующий страховой полис.	Жеткізуші кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізу талаптарына сәйкес Сатып алушыға өткенге дейін Тауарларға қандай да бір жолмен келтірілген кез келген залалды немесе зақымдануды дереу өз есебінен өтеуге міндетті. Әрбір Жеткізу позициясы бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға Меншік құқығын берген күні өтеді. Тауарлардың кездейсоқ жойылу қаупі немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізушіден Сатып алушыға ауысқанға дейін Жеткізуші өз есебінен тауарларды толық қалпына келтіру құнына сақтандыруға және Сатып алушының талабы бойынша оған тиісті қолданыстағы сақтандыру полисін беруге міндетті.	The Supplier shall promptly make good at its cost any loss or damage, howsoever caused, to the Goods before the risk of loss therein has passed to the Buyer in accordance with the Delivery Terms. Risk of loss in each item of the Goods shall pass to the Buyer on the date of Transfer of Custody. The Supplier shall, at its own cost, insure the Goods for their full replacement value while they are at its risk and shall provide the Buyer with a certificate confirming the validity of the relevant insurance policy on request.
11.4	Если Поставщик устраняет дефекты в Товарах на Рабочей Площадке или увозит их с Рабочей Площадки для устранения дефектов, то риск случайной гибели или риска случайного	Егер Жеткізуші Тауарлардағы ақауларды Жұмыс алаңында жойса немесе ақауларды жою үшін оларды Жұмыс алаңынан алып кететін болса, онда мұндай Тауарлар бойынша кездейсоқ жойылу	If the Supplier rectifies the Goods at the Site, or removes them from the Site for rectification, the risk of accidental loss of life or the risk of accidental damage because of such Goods shall pass to the Supplier

	повреждения по таким Товарам переходит к Поставщику, когда начинается работа по устранению дефектов или физическое владение Товарами переходит Поставщику, в зависимости от того, что происходит раньше, до тех пор, пока устранение дефектов на Рабочей Площадке не будет завершено или Товары не будут возвращены и безопасно переустановлены, в зависимости от применимости, после чего риск случайной гибели или риска случайного повреждения снова перейдет к Покупателю.	немесе кездейсоқ зақымдану қаупі ақауларды жою бойынша жұмыс басталған кезде Жеткізушіге өтеді немесе Жұмыс алаңындағы ақауларды жою аяқталғанға дейін немесе Тауарлар қайтарылып, қауіпсіз қайта орнатылғанға дейін Тауарларға физикалық иелік ету Жеткізушіге өтеді, содан кейін олардың қолданылатынына байланысты кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға қайта өтетін болады.	when the work of rectification commences or the Supplier takes physical custody of the Goods, whichever is the earlier, until the rectification at Site is complete or the Goods are returned to and are safely reinstalled, as the case may be, whereupon risk of loss will pass again to the Buyer.

12 ПРИЕМКА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУДІ ҚАБЫЛДАУ / ACCEPTANCE OF SUPPLY

12.1	Выдача Покупателем или его перевозчиком Сертификата Получения Груза Экспедитором (СПГЭ) или подписание Покупателем Акта доставки Товаров (Передача владения) подтверждает только передачу владения определенным количеством отправленных грузов и доставку/получение Товара в Пункте Поставки и не служит подтверждением того, что Поставка была осуществлена в полном соответствии с Договором Поставки.	Сатып алушының немесе оның тасымалдаушысының Экспедитордың жүкті алу сертификатын (ЭЖАС) беруі немесе Сатып алушының Тауарларды жеткізу актісіне қол қоюы (Иеленуді табыстау) жөнелтілген жүктердің белгілі бір санына иелік етуді және Тауарды Жеткізу пунктінде жеткізуді/алуды ғана растайды және Жеткізілімнің Жеткізу шартына сәйкес толық жүзеге асырылғанын растамайды.	Issue of the Forwarder's Certificate of Receipt (FCR) by the Buyer or its carrier or signing of a Delivery Note by the Buyer (Transfer of custody) only confirms transfer of custody of the quantity of the consignments and delivery/receipt of the Goods at the Delivery Point and does not serve as a confirmation that the Supply was performed in full accordance with the Purchase Order.
12.2	Приемка Товара по **количеству** составляет 14 (четырнадцать) календарных дней с даты поставки Товара в Пункт Поставки, в течение которого Покупатель должен отправить Поставщику подтверждение или отчет об излишках/нехватке Товара (Акт несоответствия). Датой приемки Товара считается дата прибытия Товара, указанная в товарной накладной, заверенной печатью склада Покупателя.	**Саны** бойынша Тауарды қабылдау Тауарды Жеткізу пунктіне жеткізген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күнді құрайды, сол уақыт ішінде Сатып алушы Жеткізушіге Тауардың артық шығуы/жетпей қалуы туралы растауды немесе есепті (Сәйкессіздік актісін) жіберуге тиіс. Сатып алушының қоймасының мөрімен расталған тауар жүккұжатында көрсетілген Тауардың келген күні Тауарды қабылдау күні болып есептеледі.	Acceptance of the Goods by **quantity** is 14 (fourteen) calendar days from the date of delivery of the Goods to the Delivery Point, within which period the Buyer shall send the Supplier a confirmation or overage/shortage report. (Statement of Non-Conformity). The date of acceptance of the Goods shall be the date of arrival thereof, indicated in the consignment note, certified by the seal of the Buyer's warehouse.
12.3	Если какие-либо Товары, поставленные Покупателю, не соответствуют спецификациям, указанным в Статьях 7, 8 и 9 (включая соответствие по полноте, ассортименту, качеству), или иным образом не соответствуют Условиям Договора Поставки (далее – «Товары, не соответствующие требованиям»), то, без ограничения любого другого права или средства защиты, предоставленных Покупателю согласно Договору, Покупатель обязан предоставить Поставщику Уведомление о дефектах, при этом Покупатель вправе:	Егер Сатып алушыға жеткізілген қандай да бір Тауарлар 7, 8 және 9-баптарда көрсетілген ерекшеліктерге (толықтығы, ассортименті, сапасы бойынша сәйкестікті қоса алғанда) сәйкес келмесе немесе Жеткізу шартының талаптарына (бұдан әрі – «Талаптарға сәйкес келмейтін тауарлар») басқаша түрде сәйкес келмесе, онда Шартқа сәйкес Сатып алушыға берілген кез келген басқа құқық немесе қорғау құралдарын шектеместен, Сатып алушы Жеткізушіге Ақаулар туралы хабарлама беруге міндетті, бұл ретте Сатып алушы төмендегілерге құқылы:	If any Goods delivered to the Buyer do not comply with the specifications as per Articles 7, 8 and 9 (including compliance in terms of completeness, assortment, quality), or otherwise not in conformity with the Terms of the Purchase Order (hereinafter referred to as the «Non-conforming Goods»), then, without limiting any other right or remedy granted to Buyer under the Order, the Buyer shall provide the Supplier with a Notice of Defects, and the Buyer may:
a)	отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика отремонтировать или заменить непринятые Товары за счет Поставщика в течение периода времени, согласованного Сторонами в письменном виде. В таком случае Поставщик обязан предпринять самые быстрые меры (включая, без ограничений, изъятие, вывоз, упаковку, транспортировку в обе стороны и повторную установку) для устранения дефектов или недостатков; или	мұндай Тауарлардан бас тартуға және Жеткізушіден Тараптар жазбаша түрде келіскен уақыт аралығында Жеткізушінің есебінен қабылданбаған тауарларды жөндеуді немесе ауыстыруды талап етуге. Мұндай жағдайда Жеткізуші ақауларды немесе кемшіліктерді жою үшін ең жылдам шараларды (алып қоюды, әкетуді, буып-түюді, екі жаққа тасымалдауды және қайта орнатуды қоса алғанда) қабылдауға міндетті; немесе	reject those Goods and require the Supplier to repair or replace the rejected Goods at the Supplier's risk and expense within a timeframe agreed to by the Parties in writing. In such case, the Supplier is obliged to undertake the fastest possible measures (including without limitation removal, packing, inbound and outbound transportation and reinstallation) to correct defects or deficiencies; or
b)	отказаться от таких Товаров и потребовать от Поставщика возмещения стоимости непринятых Товаров в полном объеме (независимо от того, требовал ли ранее Покупатель от Поставщика ремонт или замену непринятых Товаров) и забрать непринятый Товар с Рабочей Площадки до указанной даты. Дополнительно, в таком случае, Покупатель вправе выставить Поставщику	мұндай тауарлардан бас тартуға және Жеткізушіден қабылданбаған Тауарлардың құнын толық көлемде өтеуді (Сатып алушы бұрын Жеткізушіден қабылданбаған Тауарларды жөндеуді немесе ауыстыруды талап еткеніне қарамастан) және қабылданбаған тауарды жұмыс алаңынан көрсетілген күнге дейін алуды талап етуге құқылы. Қосымша, мұндай жағдайда, Сатып алушы	reject those Goods and require the Supplier to repay the price of the rejected Goods in full (whether or not the Buyer has previously required the Supplier to repair or replace the rejected Goods) and to collect the rejected Goods from Site by a specified date. In addition, in such case, the Buyer is entitled to invoice the Supplier for the costs of (i) the custody of the Goods from the date of the Notice of defects to the date of

	счёт по затратам i) за ответственное хранение Товара с даты Уведомления о дефектах и до даты забора Товара Поставщиком из расчета 200,00 (двести) тенге за один квадратный метр с учётом НДС в сутки, и, ii) после указанной Покупателем даты, за обратную доставку или утилизацию Товара, организованную Покупателем (включая за применимые таможенные и налоговые расходы и платежи); и/ или	Жеткізушіге шығындар бойынша шот ұсынуға құқылы: i) ақаулар туралы хабарланған күннен бастап және Жеткізуші Тауарды алған күнге дейін ҚҚС-ны ескере отырып, тәулігіне бір шаршы метр үшін 200,00 (екі жүз) теңге есебінен және, ii) Сатып алушы көрсеткен күннен кейін, Сатып алушы ұйымдастырған Тауарды кері жеткізу немесе кәдеге жарату үшін (қолданылатын кедендік және салықтық шығыстар мен төлемдерді қоса алғанда); және/немесе	collection of the Goods by the Supplier at the rate of 200.00 (two hundred) tenge per square meter per day, inclusive of VAT, and (ii) after the date specified by the Buyer, for return delivery or disposal of the Goods arranged by the Buyer (including for applicable customs and tax expenses and charges); and/or
c)	с учетом Статьи 22, воспользоваться средствами правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13.	22-бапты ескере отырып, 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарын пайдалануына болады.	subject to Article 22, claim remedies from the Supplier in accordance with Article 13.
12.4	В случае, если какие-либо скрытые дефекты обнаружены в процессе использования Товаров, которые не были обнаружены Сторонами в ходе приемки, Покупатель самостоятельно составляет соответствующий Отчет о скрытых дефектах и согласует с Поставщиком сроки и метод устранения таких скрытых дефектов. Любые дефекты Товаров должны быть устранены силами и за счет Поставщика. Если Поставщик не исправляет скрытый дефект в согласованный период времени и/или к удовлетворению Покупателя, Покупатель имеет право на средства правовой защиты в отношении Поставщика согласно Статье 13.	Егер қабылдау барысында Тараптар анықтай алмаған және Тауарларды пайдалану процесінде қандай да бір жасырын ақаулар анықталған жағдайда, Сатып алушы Жасырын ақаулар туралы тиісті есепті өз бетінше жасайды және Жеткізушімен осындай жасырын ақауларды жою мерзімдері мен әдісін келіседі. Тауарлардың кез келген ақаулары Жеткізушінің күшімен және есебінен жойылуы тиіс. Егер Жеткізуші келісілген уақыт кезеңінде жасырын ақауды түзетпесе және/немесе Сатып алушыны қанағаттандырмаса, Сатып алушы 13-бапқа сәйкес Жеткізушіге қатысты құқықтық қорғау құралдарына құқылы болады.	In the event any latent defects are found during use of the Goods, which have not been detected by the Parties in the course of acceptance, the Buyer shall draw up a corresponding Latent Defects Report and agree the time frames and remedy for elimination of latent defects with the Supplier. All and every defect of the Goods shall be eliminated using the Supplier's resources and at the Supplier's cost. If the Supplier fails to correct the latent defect in the agreed time period and/or to the satisfaction of the Buyer, the Buyer shall have the right to remedies from the Supplier in accordance with Article 13.
12.5	В случае недопоставки Поставщик обязан в течение согласованного периода времени после получения соответствующей претензии Покупателя и на усмотрение Покупателя:	Тауар жеткіліксіз жеткізілген жағдайда, Жеткізуші Сатып алушының тиісті талап-арызын алғаннан кейін және Сатып алушының қалауы бойынша келісілген уақыт кезеңі ішінде төмендегілерге міндетті:	In the event of short delivery, the Supplier shall within the agreed timeframe upon receipt of the Buyer's respective claim and at the Buyer's discretion:
a)	Поставить за счет Поставщика и с помощью ресурсов Поставщика (включая расходы по транспортировке) недостающие товары; или	Жеткізушінің есебінен және Жеткізуші ресурстарының көмегімен (тасымалдау жөніндегі шығыстарды қоса алғанда) жетіспейтін тауарларды жеткізуге; немесе	Deliver at the Supplier's own expense and using the Supplier's resources (including all transportation costs) those items missing; or
b)	Возместить Покупателю сумму оплаты за Товары соразмерно количеству недостающих позиций Товаров; или	Сатып алушыға Тауарлар үшін төлем сомасын Тауарлардың жетіспейтін позицияларының санына мөлшерлес өтеуге; немесе	Repay to the Buyer the amount of payment for the Goods pro rata the quantity of the missing items of the Goods; or
c)	отозвать и изменить любой выданный, но неоплаченный счет-фактуру или оформить кредит-ноту на сумму недопоставленных Товаров и оформить соответствующую корректировку Договора Поставки путем Изменения в Договор Поставки.	кез келген берілген, бірақ төленбеген шот-фактураны кері қайтарып алуға және өзгертуге немесе жеткіліксіз жеткізілген Тауарлар сомасына кредит-нотаны ресімдеуге және Жеткізу шартын өзгерту арқылы Жеткізу шартына тиісті түзетуді ресімдеуге міндетті.	withdraw and amend any issued but unpaid invoice or issue a credit note for the amount of undelivered Goods and make a corresponding amendment to the Purchase Order by way of a Change Order.
12.6	Все Товары, полученные сверх требований Договора Поставки, подлежат возврату Поставщику за счет Поставщика, включая расходы на таможенную очистку и НДС. В тех случаях, когда Товары поставлены в отдаленное местонахождение, и, по мнению Покупателя, затраты на их возврат являются чрезмерно высокими, то, без ограничения любых других прав или средств защиты, которые может иметь Покупатель, он имеет право совершить один из следующих шагов, уместных в конкретной ситуации:	Жеткізу шартының талаптарынан тыс алынған барлық Тауарлар, кедендік тазалау және ҚҚС шығыстарын қоса алғанда, Жеткізушінің есебінен Жеткізушіге қайтарылуы тиіс. Тауарлар алыс орналасқан жерге жеткізілген жағдайда және Сатып алушының пікірі бойынша оларды қайтару шығындары тым жоғары деп есептеген жағдайда, Сатып алушының кез-келген басқа құқықтары мен қорғану құралдарын шектеместен, ол нақты жағдайға сәйкес келетін төмендегі қадамдардың бірін жасауға құқылы:	All Goods received in excess of Purchase Order requirements will be subject to return for credit at the Supplier's cost including customs clearance costs and VAT. Where Goods have been delivered to remote a location, and the cost of the return for credit is deemed by the Buyer to be prohibitive, then, without limiting any other right or remedy that the Buyer may have, the Buyer reserves the right to perform one of these steps, as appropriate:
a)	если излишние Товары могут быть обоснованно использованы Покупателем, то внести изменения в Договор Поставки посредством оформления Изменения в	егер артық Тауарларды Сатып алушы негізді түрде пайдалана алатын болса, онда тапсырысты жасаған кездегі Жеткізу шартындағы сол бағалар бойынша және	if the excess Goods can reasonably be utilized by the Buyer, to amend the Purchase Order, by issuance of a Change Order increasing the quantity to cover the excess, at the same prices

	Договор Поставки, увеличив количество Товаров, для покрытия излишнего поступления, по тем же ценам и на тех же условиях, которые содержатся в Договоре Поставки при его заключении; или	сол талаптармен артық түсімді жабу үшін Тауарлардың санын көбейте отырып, Жеткізу шартына өзгерістер ресімдеу арқылы Жеткізу шартына өзгерістер енгізуге; немесе	and terms and conditions that were contained in the original Purchase Order at the time of its conclusion; or
b)	если излишние Товары не могут быть обоснованно использованы Покупателем, то утилизировать излишние Товары, предварительно уведомив об этом Поставщика. При этом, Поставщик не имеет права предъявлять к Покупателю какие-либо штрафные санкции или претензии, и обязуется возместить Покупателю расходы, понесенные им на таможенную очистку и НДС.	егер артық Тауарларды Сатып алушы негізді түрде пайдалана алмаса, онда бұл туралы Жеткізушіге алдын ала хабарлай отырып, артық Тауарды кәдеге жаратуға міндетті. Бұл ретте Жеткізушінің Сатып алушыға қандай да бір айыппұл санкцияларын немесе наразылықтарын ұсынуға құқығы жоқ және Сатып алушыға оның кедендік тазалауға және ҚҚС-ға жұмсаған шығыстарын өтеуге міндеттенеді.	if the excess Goods cannot reasonably be utilized by the Buyer, to dispose of the excess Goods, with a prior notice to the Supplier. With this regard, the Supplier has no right to levy any penalty or claim and undertakes to reimburse the Buyer for the customs clearance costs and VAT borne by the latter.

13 ВОЗМЕЩЕНИЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ РАСХОДОВ / ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ / REMEDIES AND BACK CHARGES

13.1	В случае, если после получения обоснованного Уведомления от Покупателя с требованием своевременно исполнить какую-либо часть Поставки и/или своевременно исправить/допоставить какие-либо Товары, не соответствующие требованиям, Поставщик не способен исполнить, не исполняет или отказался исполнить требования Покупателя, указанные в Уведомлении, Покупатель имеет право, в дополнение к любому другому праву, которое есть у Покупателя согласно настоящему Договору Поставки:	Егер Жеткізуші Сатып алушыдан Жеткізілімнің қандай да бір бөлігін уақытылы орындау және/немесе талаптарға сәйкес келмейтін қандай да бір Тауарларды уақытылы түзету/ толық жеткізу талабымен негізделген Хабарламаны алғаннан кейін Сатып алушының Хабарламада көрсетілген талаптарын орындай алмаса, орындамаса немесе орындаудан бас тартса, Сатып алушы Жеткізу шартына сәйкес Сатып алушының кез-келген басқа құқығына қосымша құқылы:	Where, after a receipt of a reasonable Notice from the Buyer with a claim to deliver any portion of the Supply and/or rectify/deliver any non-conforming Goods a timely manner, the Supplier is unable to fulfill, does not fulfill, or refuses to fulfill the Buyer's requirements specified in the Notice, the Buyer shall have the right, in addition to any other right the Buyer has under this Purchase Order:
a)	приобрести такие Товары из другого источника; или	осындай Тауарларды басқа көзден сатып алу; немесе	to replace such Goods from another source; or
b)	исправить дефекты в Товарах или дополнить такую Поставку самостоятельно или с привлечением любого другого лица и непосредственно удержать или зачесть вытекающие затраты и расходы из Суммы Договора Поставки согласно настоящей Статье.	Тауарлардағы ақауларды түзету немесе осындай Жеткізілімді өз бетінше немесе кез келген басқа тұлғаны тарта отырып, толықтыру және осы Бапқа сәйкес Жеткізу шартының сомасынан туындайтын шығындар мен шығыстарды тікелей ұстап қалу немесе есепке алу.	to correct the defects in the Goods or complete such Supply independently or using any other person and to directly deduct or setoff the resultant cost and expenses against the Purchase Order Price in accordance with this Article.
13.2	Покупатель может вычесть из любых денежных средств, которые причитаются или становятся причитающимися Поставщику в соответствии с настоящим Договором Поставки и/или иными соглашениями с Поставщиком, следующие суммы:	Сатып алушы осы Жеткізу шартына немесе Жеткізушімен жасалған басқа келісімдерге сәйкес Жеткізушіге төленуге тиісті немесе төлеуге жататын кез келген ақшалай қаражаттан келесі сомаларды ұстай алады:	The Buyer may deduct from any moneys due or becoming due to the Supplier pursuant to this Purchase Order, or other agreements with the Supplier, the following amounts:
a)	все задолженности и суммы к оплате Поставщиком в пользу Покупателя, включая дополнительные расходы, понесенные Покупателем для завершения Поставки или обеспечения альтернативной поставки, и другие расходы, понесенные Покупателем в результате нарушения Поставщиком Условий Договора Поставки, включая неустойки, описанные в Статье 6;	6-бапта сипатталған тұрақсыздық айыбын қоса алғанда, Жеткізуді аяқтау немесе баламалы жеткізуді қамтамасыз ету үшін шеккен қосымша шығыстарын және Жеткізушінің Жеткізу шартының талаптарын бұзуы нәтижесінде Сатып алушының шеккен басқа да шығыстарын қоса алғанда, Жеткізушінің Сатып алушының пайдасына төлейтін барлық берешектері мен сомалары;	all debts and moneys due from the Supplier to the Buyer including the Buyer's additional expenses incurred in completing the Supply or sourcing an alternative supply, and other expenses incurred as a result of the Supplier's breach of the Terms and Conditions of the Purchase Order, including the fines set out in Article 6;
b)	все затраты, расходы и штрафы, которые должны были быть оплачены или возмещены Поставщиком, но которые Покупатель оплатил вместо Поставщика; и	Жеткізуші төлеуі немесе өтеуі тиіс, бірақ Сатып алушы Жеткізушінің орнына төлеген барлық шығындар, шығыстар мен айыппұлдар; және	all costs, expenses and fines that should have been paid or reimbursed by the Supplier, but which the Buyer paid in place of the Supplier; and
c)	стоимость восстановления любых Товаров, не соответствующих требованиям, которые ниже стандарта, приемлемого для Покупателя; и	Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын стандарттан төмен талаптарға сәйкес келмейтін кез келген тауарларды қалпына келтіру құны; және	the cost of remedying any Non-conforming Goods, which are below a standard acceptable to the Buyer; and
d)	без ограничения прав Покупателя в соответствии с любым из положений данных Условий, если Поставщик не	егер Жеткізуші Жеткізу шартына сәйкес өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаса, Сатып	Without prejudice to the Buyer's rights under any provisions of these Terms and Conditions, if the Supplier fails to perform

